

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының  
«Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының  
2023 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ЦЖС  
бұйрыққа 4-қосымша

### **Техникалық ерекшелік**

Жалға алушыға қойылатын талаптар:

1) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының инфрақұрылым жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары міндетін атқарушының 2021 жылғы 23 шілдедегі № 188-ЦЖС бұйрығымен бекітілген Теміржол вокзалдарындағы алаңдарды және үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алуға) қағидасының (бұдан әрі - Қағидалар) 61-тармағына сәйкес құжаттар тізбесін ұсынсын.

2) конкурсты ұйымдастырушының алдында соңғы үш жылда жалға алынатын объектілер бойынша дебиторлық берешектің жоқтығы туралы қосымша анықтама ұсынылады;

3) Қарағанды теміржол вокзалында коммерциялық қызмет үшін алаңдарды жалға алу кезінде әлеуетті жалға алушыға барлық үй-жайларды бір лотпен жалға алу қажет;

4) конкурсқа қатысушының және/немесе сенімхат бойынша оның өкілінің өз қызметінің тарихын және вокзалда сервистік қызметтерді ұйымдастыру тұжырымдамасын дербес таныстыру және әлеуетті қосалқы жалға алушылардың қызмет бейіндері бойынша егжей-тегжейлі көрсету үшін міндетті түрде қатысуы;

5) конкурсқа қатысушылар конкурстық өтінімді берудің соңғы мерзімінен кешіктірмей техникалық ерекшелікте көрсетілген конкурсты ұйымдастырушының есеп шотына мүліктік жалдау объектісін жалға алудың бір айлық төлемі мөлшерінде кепілдік ақшалай төлем түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының есептік шоты: РНН 620 300 249 875 БИН 041 141 006 285, ИИК KZ 926 010 111 000 024 287, БИК HSBKKZKX «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Астана өңірлік филиалында.

Конкурс жеңімпазымен шарт жасасу кезінде енгізілген конкурстық өтінімді қамтамасыз ету Жалға алушының шартын орындауды қамтамасыз ету болып есептеледі.

Әлеуетті жалға алушы енгізген конкурстық өтінімді/конкурсқа қатысу шартын орындауды қамтамасыз ету мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде қайтарылмайды:

әлеуетті Жалға алушы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алды;

конкурстың жеңімпазы болып анықталған әлеуетті Жалға алушы мүліктік жалдау (жалдау) шартын жасасудан жалтарған;

6) Қарағанды теміржол вокзалында кемінде 409 ш.м. көлемінде алаңдардың толтырылуын қамтамасыз ету:

1-қабатта - кемінде 135,04 ш.м.;

2-қабатта - кемінде 118 ш.м.;

3-қабатта - кемінде 13,35 ш.м.;

жертөле қабатында - кемінде 11 ш.м.;

перронда - кемінде 131,13 ш.м.

Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып және Жалға берушімен келісім бойынша қосымша алаңның кемінде (409 ш.м.) толтырылуын қамтамасыз етуге жол беріледі.

7) ай сайынғы жалдау ақысынан басқа, коммуналдық қызметтерді нақты тұтыну бойынша уақтылы өтеуді қамтамасыз етуге міндетті.

8) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген терроризмге қарсы қауіпсіздік жөніндегі талаптарды, санитариялық, өртке қарсы және өзге де нормалар мен қағидаларды сақтауға міндетті.

9) жолаушылар поездарының қозғалысын және Қарағанды теміржол вокзалының тәулік бойы жұмыс режимін ескере отырып, қосалқы жалға алушылардың сервистік объектілердің жұмыс режимін белгілеуі мен орындауын, сондай-ақ ҚР СТ 1525-2013 талаптарына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың сервистік объектілерге кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуді бақылауды қамтамасыз етсін.

10) мүліктік жалдау (жалға алу) шарты 5 күнтізбелік жылға жасалады.

#### **Жалдау шартының қолданылу кезеңіндегі ерекше талаптар:**

Қарағанды теміржол вокзалын жақсарту және дамыту жөнінде инвестициялар салу және шарттың мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша ұсыныстар енгізу кезінде ұсыныстарды экономикалық тиімділігі көрсетіле отырып, презентациялық форматта ресімдеу қажет. Бұл ұсыныстарды «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының жеке комиссиясы қарастырады.

---